

«ҚАЗМҰНАЙГАЗ» БАРЛАУ ӨНДІРУ» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫНЫҢ АКЦИОНЕРЛЕРІ ҮШІН АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

«ҚазМұнайГаз» БӨ» АҚ (бұдан әрі - Қоғам) «Акционерлік қоғамдар туралы» ҚР Заңының 23-бабын орындау үшін, Қоғам акционерлерінің 2012 жылдың 29 мамырындағы жылдық жалпы жиналысы 2011 жылғы қызметтің қорытындылары бойынша Қоғамның қарапайым және басымдықты акциялары бойынша дивиденттер төлеу туралы шешім қабылдағанын хабарлайды.

1) «ҚазМұнайГаз» БӨ» АҚ

Орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, индекс 010000, Астана қаласы, Қабанбай батыр даңғылы, 17

Қоғамның банктік деректемелері: СТН 620100210124, ИИК KZ656010111000022542, SWIFT HSBKKZKX, «Қазақстан Халық Банкі» АҚ Астанадағы аймақтық филиалы;

2) дивиденттер төленетін кезең – 2011 жыл;

3) бір басымдықты акцияға есептегендегі дивиденттің мөлшері – 1 300 теңге (оның ішінде Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіппен төлеуге жататын салық сомасы);

4) бір қарапайым акцияға есептегендегі дивиденттің мөлшері – 1 300 теңге (оның ішінде Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіппен төлеуге жататын салық сомасы);

5) дивиденттерді төлеудің басталатын күні – 2012 жылдың 16 шілдесінен бастап;

б) дивиденттерді төлеудің тәртібі мен түрі

дивиденттер алуға құқығы бар акционерлердің тізімін белгілеу күні – 2012 жылдың 11 маусымы 00 сағат 00 минуттағы жағдай бойынша;

дивиденттерді төлеу тәсілі – акционерлердің банктік шоттарына қолма-қол емес ақша аудару жолымен дивиденттер алуға құқығы бар акционерлердің тізімі бойынша.

Дивиденттерді көрсетілген мерзімде алуды қамтамасыз ету үшін Қоғамның акционерлеріне қажет болған жағдайда дивиденттер төлеу басталатын күнге дейін Қоғамға дивиденттерді алушының банктік деректемелерін ұсынуы және дивиденттерді алушының банктік деректемелерін көрсете отырып Қоғамның тіркеушісіндегі немесе өзіне тиесілі акцияларды номиналдық ұстаушыдағы акционерлердің тізіліміндегі өзінің деректерін жаңартуы қажет. Дивиденттерді аудару туралы өтініштің үлгісі Қоғамның www.kmgep.kz сайтына Инвесторларға – Акционерлерге арналған ақпарат тарауына орналастырылған.

Қоғамның ауқымды депозитарлық қолхаттарын (АДҚ) ұстаушылар үшін қосымша мынаны хабарлаймыз

АДҚ түріндегі акциялар бойынша дивиденттер төлеу қолданылып жүрген салықтық заңнамаға сәйкес резидент емеске (The Bank of New York) төленетін кірістен табыс салығын ұстап қалу арқылы Депозитарийдің жауапты сақтаушысына теңгемен жүргізілетін болады. Депозитарий дивиденттерді АҚШ долларына айырбастайды және Депозитарийдің комиссиясы мен шығыстарын ұстап қала отырып оларды АДҚ-ны ұстаушылардың арасында бөледі. Салықтық жеңілдіктері мен артықшылықтары бар АДҚ ұстаушылардың ұстап қалыңған табыс салығын өтеу үшін Қоғамға салықтық жеңілдіктері бар екендігін, дивиденттер алуға құқығы бар акционерлердің тізімін белгілеу күніне иелігіндегі АДҚ-ның санын, АДҚ-ға дивиденттердің түсуі фактісін растайтын құжаттарды және банктік деректемелерін көрсете отырып ұсталған салықтардың сомасын өтеу туралы өтініш ұсынуы қажет.

Қоғам тіркеушісінің хабарласу деректері:

«Қор Орталығы» АҚ, Қазақстан Республикасы, индекс 050091, Алматы қаласы, Желтоқсан көшесі, 79 «А», тел. 8 (727) 250-89-60, 250-89-61, факс: 8 (727) 250-16-96, e-mail: fcenter@fcenter-jsc.kz, www.fcenter-jsc.kz

«Қор Орталығы» АҚ-ның филиалдары:

Маңғыстау облысы, Жаңаөзен қаласы, 130200, өндірістік аймақ, корпоративтік оқу орталығының ғимараты (КОО), каб. №8, тел.: 8 (72934) 64-8-97;

Атырау облысы, Атырау қаласы, индекс 060005, Қарымсақов көшесі, 2А, тел. 8 (7122) 45-86-74.

Қоғамның дивиденттер төлеу мәселелері бойынша хабарласу деректері:

«ҚазМұнайГаз» БӨ» АҚ, Қазақстан Республикасы, индекс 010000, Астана қаласы, Қабанбай батыр даңғылы, 17, қазынашылық департаменті, тел.: 8(7172)97-75-79, 8(7172)97-79-37, факс: 8 (7172) 97-78-92, e-mail: S.Tlepova@kmgep.kz, G.Tattybayeva@kmgep.kz, www.kmgep.kz

«ҚазМұнайГаз» БӨ» АҚ филиалдары:

Өзенмұнайгаз – Маңғыстау облысы, Жаңаөзен қаласы, өндірістік аймақ, корпоративтік оқу орталығының ғимараты (КОО), қазынашылық бөлімі, тел.: 8 (72934) 69 -3-21, факс: 8 (72934) 69-3-76;

Ембімұнайгаз – Атырау облысы, Атырау қаласы, Уәлиханов көшесі 1, қазынашылық бөлімі, тел.: 8 (7122) 99-32-62, факс: 8 (7122) 35-41-27, 35-41-34.